КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 23 қазан № 3514-25-00-2/3918 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Жумашев А.К.,
сот отырысының хатшысы С.Б.Садвокасовтың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «55524 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Дархан» Іңкәр Қайыржанқызы Сәдуақас

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Асембаева Г.А.
талап қоюшының өкілі Абильдин О.Е.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «55524 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) мен дара кәсіпкер «Дархан» Іңкәр Қайыржанқызы Сәдуақас (бұдан әрі – Өнім беруші) арасында 2025 жылдың 11 маусымда №151 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі – №151 Шарт).

№151 Шарттың жалпы сомасы 543 992 теңгені құрайды.

№151 Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында 2025 жылдың 13 маусымда тіркелген.

№151 Шарттың №1 қосымшасына сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарларды келісім-шарткүшіне енген кезден бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылдың 30 маусымға дейін жеткізуге міндеттелген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында 2025 жылдың 11 маусымда №153 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі – №153 Шарт).

№153 Шарттың жалпы сомасы 1 303 976 теңгені құрайды.

№153 Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында 2025 жылдың 13 маусымда тіркелген.

№153 Шарттың №1 қосымшасына сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарларды келісім-шарткүшіне енген кезден бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылдың 30 маусымға дейін жеткізуге міндеттелген.

Тараптар арасында жасалған шарттарда көзделген міндеттемелерін жауапкер орындамағанына байланысты, талап қоюшы, талапты нақтылауды ескере отырып, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды және жауапкерден 99 565 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір ұсынған жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер өкілі сотқа қатыспады, өзінің қатыспай қалуының дәлелді себептерін хабарламады, сотқа талапқа қарсы дәлелдемелерді ұсынбады және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде сот жауапкер өкілінің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, істі оның қатысуынсыз қарауды мүмкін деп тапты.

Прокурор талап қоюы қанағаттандырылсын деп қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Документ подписан: Жумашев А. К., 23.10.2025
Дата вступления в законную силу: 25.11.2025, судья Жумашев А. К., 26.11.2025
3514-25-3-1/4696

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, Өнім беруші Шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны анықтады.

Тапсырыс беруші 2025 жылдың 19-тамызда Шарттар бір жақты бұзды.

Талап қоюы 2025 жылдың 11-қыркүйекте Заңда көрсетілген мерзім ішінде сотқа берілген.

Істің осы жағдайында жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою негізді болып табылады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық айыбы (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсызд ық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс. Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

Сотта анықталғандай, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, сондықтан талап қоюшы тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етуге құқылы.

Талап қоюшының есебі бойынша 2025 жылдың 27-маусымдан 2025 жылдың 22-тамызға дейін тұрақсыздық айыбының көлемі 99 565 теңгені құрайды.

Талап қоюшының есептеген тұрақсыздық көлемін сот дұрыс емес деп санайды.

АК-тің 175-бабына сәйкес, егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, содан кейінгі ең таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып саналады.

Документ подписан: Жумашев А. К., 23.10.2025

Дата вступления в законную силу: 25.11.2025, судья Жумашев А. К., 26.11.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Тапсырыс берушінің төлемнің сонғы күні 2025 жылғы 28 маусым – сенбі демалыс күнге шықты. Демек, төлемнің сонғы күні - 2025 жылғы 30 маусым болады.

Осыған байланысты тұрақсыздық айыбы 2025 жылғы 1-шілдеден 2025 жылғы 22-тамызға дейін есептелуге жатады.

Осылайша, тұрақсыздық айыбы 97 942 теңгені құрайды (543 992 теңге*0,1%* 53 күн) + (1 303 976 теңге*0,1%* 53 күн).

Мұндай жағдайда, талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы ішінар қанағаттандырылуға жатады. Жауапкерден талап қоюшының пайдасына 97 942 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады. Талап қоюшының жауапкерден 1 623 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 4 904 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «55524 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер «Дархан» Іңкәр Қайыржанқызы Сәдуақасқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Дархан» Іңкәр Қайыржанқызы Сәдуақас мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Дархан» Іңкәр Қайыржанқызы Сәдуақастан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «55524 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 97 942 (тоқсан жеті мың тоғыз жүз қырық екі) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «55524 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер «Дархан» Іңкәр Қайыржанқызы Сәдуақасқа 1 623 (мың алты жүз жиырма үш) теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Дара кәсіпкер «Дархан» Іңкәр Қайыржанқызы Сәдуақастан мемлекет пайдасына 4 904 (төрт мың тоғыз жүз төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облысының

Документ подписан: Жумашев А. К., 23.10.2025

Дата вступления в законную силу: 25.11.2025, судья Жумашев А. К., 26.11.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып беруі мүмкін.

Судья **А.Жумашев**

Документ подписан: Жумашев А. К., 23.10.2025

Дата вступления в законную силу: 25.11.2025, судья Жумашев А. К., 26.11.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»